

**Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы  
микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар  
аудандары жер-су атаулары негізінде)» атты 6D020500 филология  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу  
үшін дайындалған диссертациясына**

**ІШКІР**

Диссертациялық жұмыс аймақтың топонимиялық жүйесі, оның ішінде топонимиканың маңызды бір саласы микротопонимдердің лингвомәдени жүйесін қарастырады.

Жұмыстың кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, теориялық және практикалық маңыздылығы, ғылыми жаңалығы тәрізді мәселелер қарастырылған. Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, тараулар өз ішінде бірнеше тараушалардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертацияның «Микротопонимдердің лингвомәдени ерекшеліктері» атты бірінші тарауында микротопонимдердің зерттелу барысы мен лингвомәдени, концептілік аясы жан-жақты сипатталған. Осы бөлімде микротопонимдерді зерттеу барысында, олардың мәнін терең түсіну үшін жер-су атауларындағы ғаламның тілдік бейнесі анықталып, екінші тараушада сипатталған. Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің этномәдени танымдық ерекшеліктері, концептілік тақырыптық аясы зерделенген. Үшінші, төртінші, бесінші тараушаларда микротопонимдер «Адам», «Қоғам», «Табиғат» концептісі тұрғысынан топтастырылған. Осы бөлімде, қазақ тіл білімінде микротопонимдердің теориялық негіздемелері, жекелеген аймақ микротопонимдеріне қатысты зерттеу еңбектер қатары аз болғандықтан, ономастика оның ішінде микротопонимдердің зерттелуіне тоқталған.

Диссертацияның екінші тарауы «Микротопонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары бойынша)» деп аталады. Аймақтар бойынша микротопоним жасамдық талдауда жер-су атауларының қалай жасалғаны, туынды топонимдік мағынаны жасаған сөзжасамдық бірліктер негізгі нысанға алына отырып, құрамы анықталған. Тілдік қабаттар өңір топонимиясының құрамындағы түрлі дәуірлерге тән лексикалық қабаттарды анықтауға негіз болады әрі көне дәуірге тән лексикалық қабаттардың сақталып келгендігін жиналған микротопонимиялық материалдар арқылы бағамдаған. Топонимдік кеңістіктің құрылысын және сөзжасам ерекшеліктерін талдау топонимнің біртұтас бөлігі ретінде қарастырылған. Микротопонимдердің де өзіне тән грамматикалық сипаты, морфологиялық құрылымы, жасалу тәсілдері, сөз тудыратын формалары – нақтысы, сөзжасамдық құрылымы болатыны анықталған.

Ақсуат, Үржар, Аягөз аудандары микротопонимдерінің сөзжасамдық ерекшеліктері сөзжасамның өзіне тән белгілі жасалу

тәсілдерін негізге ала отырып лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер, аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер, синтетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер деп топтастырылып берілген.

Микротопоним табиғатын ашуда объект ерекшелігін білдіретін географиялық терминдерді талдау – атау беруші халықтың тұрмыс-салты, тарихы, орналасқан жері, мәдениетінен хабардар ететін маңызды дерек көзі екенін, мысалдар арқылы дәлелдеген. Белгілі бір өңірдің микротопонимдер кешенін аймақтық топонимиялық жүйе ретінде қарастыра отырып, сол жүйені құрайтын географиялық атаулар өзара және тақырыптық топтар ретінде бір-бірімен жүйелі байланыста болатыны анықталған.

Жұмыстың қорытынды бөлімінде дәстүрлі түрде зерттеу жұмысының нәтижелері берілген.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс талапқа сай, жүйелі орындалған, жинақталған төрт мыңға жуық атау сөзді тілдік сараптау негізінде зерттеу нәтижелеріне қол жеткізілген.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, М.Е. Мамышеваның «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» деп аталған диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші:**

«**Alikhan Vokeikhan University**» ББМ

Ономастикалық зерттеулердің

ғылыми-зерттеу орталығының басшысы,

филология ғылымдарының докторы,

профессор

*Ш.Б.*

**Сейітова Ш.Б.**

